

Идеи этого проекта продолжают жить, материалы сборника мы трансформировали в дидактические карточки с текстами и заданиями к ним. Учащиеся 3х и 4х классов работают с ними индивидуально и в группах, развивая экологический кругозор и читательскую грамотность.

Ещё одно исследование практической направленности, которым мы очень гордимся и используем в своей работе – это создание сборника-определителя «Цветковые растения Карагандинской области»

Охват – 35 наиболее распространённых виды цветковых растений. Формат – карманный и настенный определитель в цветной глянцевої печати.

Фотографии, собранные авторами, сопровождаются научным и народным названием на 3-х языках, кратким описанием по единой схеме:

- 1) Жизненная форма растений;
- 2) Отличительные признаки;
- 3) Характер распространения;
- 4) Экологическая приуроченность.

Идея создания этого сборника возникла у нас с ребятами в летней школе в рамках летнего пришкольного лагеря. Коллеги с нами согласятся, мы думаем, что у детей, зачастую, растения воспринимаются как что-то абстрактное: просто трава, кусты, какие-то деревья. Нет никакой конкретики, названий, различения особенностей.

Сами ребята в предисловии к изданию написали, что это издание призвано восполнить пробел – а именно дать возможность каждому заинтересованному ребёнку самостоятельно ориентироваться в разнообразии дикорастущих растений нашего города и области.

Так оно и произошло – определители всегда в книжном и настенном уголке нашего класса, мы часто прибегаем к их помощи.

Исследование «Маленькая батарейка – большие проблемы» получился социальным проектом по масштабу зоны взаимодействия.

1) Опытническая деятельность детей по изучению устройства и состава гальванических элементов происходила в химической лаборатории нашей школы.

2) Взаимодействие с общественностью (работа агитбригад, изготовление и распространение листовок собственного изготовления, организация пунктов сбора батареек): дошкольные центры города, микрорайоны проживания, родители и учащиеся школ.

3) Посещение предприятия по переработке «Промотход» г.Караганда.

4) Организован постоянный пункт сбора батареек в классе.

Внешняя оценка результатов работы:

- Областной конкурс «Выставка-ярмарка педагогических инноваций» (сертификат)
- Национальный этап Международного конкурса проектов по энергоэффективности «Энергия и среда обитания» (диплом);
- XX Областная НПК «Экология и дети» «Устойчивый быт» диплом 1 степени;
- Городская НПК младших школьников (диплом 1 степени)

Подводя итог всему сказанному, следует отметить, что данная работа носит системный и практико-ориентированный характер. В настоящее время идет разработка и реализация новых планов и идей (Таблица 1).

Таблица 1 Образец комплексной проверочной работы по тексту «Растения-рекордсмены Казахстана. Яблоня Сиверса»

№	Область знаний	Задания	Выполнение
1.	Русский язык:	Подбери антонимы к следующим словам:	Современный - _____ Культурное растение- _____ Кризис производства- _____ Болезнь- _____
2.	Математика:	Задача: Первое описание яблони встречается с 1793. Сколько лет прошло с тех пор?	Решение: _____ Ответ: _____

3.	Познание мира:	Подчеркни нужное:	Дикоплодовый – культурный вид яблонь Имеет устойчивость к болезням и паразитам – не имеет устойчивости к болезням и паразитам. Не представляет интерес для учёных- используется учёными в исследованиях.
4.	Экология:	Ответь на вопросы: 1)Почему в мире существует кризис яблонной индустрии? 2)Почему яблоня Сиверса интересует учёных?	1. _____ 2. _____

Текст из определителя:

Белена чёрная, белена богемская, Куриная слепота

Международное название: Hyoscyamus Казахское название: Мендуана

Зелёное, ветвистое двулетнее растение, покрытое белыми мягкими волосками, издающими неприятный запах. Листья мягкие, сверху тёмно-зелёные, снизу более светлые. Цветки почти сидячие. Цветы буровато-серые. Цветёт в мае-августе, плодоносит в июне-сентябре.

Растёт около жилья, у дорог, на мусорных местах, реже – как сорное растение на полях и огородах. Распространено по всему Казахстану.

Хозяйственное значение: ядовитое и лекарственное растение. Все его части содержат ядовитые алкалоиды. В лекарственных целях используются его листья, которые применяются наружно как болеутоляющее и успокоительное средство.

Литература:

1. Абдулина С.А. Список сосудистых растений Казахстана. Алматы, 1999.-187с.
2. Иващенко А.А. Растительный мир Казахстана. Алматы, 2004.-176с.
3. Флора Казахстана. Алма-Ата, 1956-1966. Тт. I-10
4. Инструктивно-методическое письмо «Об особенностях учебно-воспитательного процесса в организациях среднего образования Республики Казахстан в 2022-2023 учебном году» – Нур-Султан: НАО имени И. Алтынсарина, 2022. – 320 с.
5. Подготовка младших школьников к участию в международных исследованиях TIMSS и PISA: метод. рекомендации/ сост.: Кушнир М.П., Шадетова А.К. – Караганда: РИО ИПК ПР, 2014. – 41 с.
6. Руколеева Л.В. Исследовательская деятельность как способ реализации деятельностного и компетентностного подхода в образовании // Педагогикалық Альманах. – 2011. – №6. – С.11-12.
7. Цветковые растения юго-востока Казахстана, Алматы: Ассоциация сохранения биоразнообразия Казахстана, 2008.

Алшымбекова Н.М.

«№66 мектеп-лицей»КММ, Қарағанды қ.

ҚАЗАҚ ТІЛІН МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ РЕТІНДЕ ОҚЫТУДА ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ДАМУ НЕГІЗДЕРІ

Аннотация. Функционалдық сауаттылық оқушылардың танымдық қабілеттерінің деңгейін және оқушылардың өнімді жұмысының көрсеткішін білім деңгейі ретінде қарастырады. Мақалада функционалдық сауаттылықты дамыту негіздері туралы айтылады.

Кілт сөздер: функционалдық сауаттылық, көркем әдебиетті оқыту, грамматикасын үйрету, коммуникативтік дағдылар.

«Адам ұрпағымен мың жасайды» - дейді халқымыз. Ұрпақ тәрбиесі - бұл болашақ тірегі, мемлекеттік маңызды іс. Міне, өз ұрпағының өнегелі, өнерлі, еңбексүйгіш, абзал азамат болып өсуі

үшін жас буынды шығармашылықпен оқыта отырып, функционалдық сауаттылықтарын арттыру және оны тәрбие үрдісіне тиімді пайдалану әрбір ұстаздың міндеті болып табылады.

Оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттыру үшін мұғалім шебер болуы керек. Қазіргі оқу бағдарламасында оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамытуда әрбір пән өзіндік рөл атқарады. Оқушыларға халықтың қоғамдағы өмірін, арман-мүддесін таныстыруда, оларға идеялық-саяси, рухани-адамгершілік, этикалық-эстетикалық т.б. тәрбие беруде, дүниені тануын, мінезін, жалпы мәдениетін қалыптастыруда көркем әдебиетті оқытуды қуатты құралдардың бірі ретінде пайдалану – басты мақсаты болып есептелсе, тіліміздің өзіндік қалыптасқан нормаларын, жалпы айтқанда грамматикасын үйрету – қазақ тілінің басты міндеті болып табылады.

Осы себептен, оқыту әдістерін тиімді пайдалану үшін шығармашылықпен жұмыс істеу арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытудың негізі болып табылатын әдістеме теориясының тірегі-әдістерді анықтап алу – басты міндет.

Әр сабаққа дайындалған кезде тақырыпқа сай іріктелген жаттығу, тапсырма, ойындардың шығармашылық сипатта болуы өте маңызды. Оның маңыздылығы: оқушылар үшін практикалық құндылығының болуы; өмірімен байланысты болуы; олардың интеллектуалдық қабілеттерінің дамуына жағдай жасалуы; оқушылардың қызығушылығын туғызуы; оқытудың мақсаттарына сай болуы керек.

Әлемдік тәжірибе бойынша тілді тиімді меңгерту төрт дағды арқылы жүзеге асырылады екен. Оқылым, тыңдалым, жазылым, айтылым дағдылары оқушының коммуникативтік дағдылары болып табылады. Коммуникативті дағдыларды басшылыққа алып оқыту функционалды сауаттылықты қалыптастыруға мүмкіндік береді. Грамматикалық білім тілдік төрт дағдыны қалыптастыру барысында жүзеге асып отырады. Оқушының әдеби тіл нормаларын дұрыс және орынды қолдана білуіне мән беріледі. Ал лексикалық тақырыптар белгілі бір тақырыптар аясында оқушылардың сөздік қорын байыта отырып, сөздердің мағынасын түсінуге көмектеседі.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен оқушының функционалдық сауаттылығын дамыту мәселесіне аталған тұжырымдамаларды ұсынуға болады:

- ✓ Оқушыларды алғашқы сабақтардан бастап коммуникативтік әрекет түрлерін (айтылым, жазылым, тыңдалым, оқылым) меңгерте білу;
- ✓ Мемлекеттік тілде ауызша, жазбаша қарым-қатынас жасауға ықпалету;
- ✓ Оқушылардың өзгермелі өмірге бейімделе алуына жағдай жасау;
- ✓ Өмір бойы білім алуға дайын тұру;
- ✓ Оқушылардың әлеуметтік-мәдени дағдыларын дамытуы.

Осы ретте қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында өз тәжірибемде қолданылатын бірнеше «Блум түймедағы», «Фрейер моделі», «Шығарма кейіпкерінің анкетасы», «Ойын сүйегі арқылы тақырыпты ашу» сияқты оқу іс-әрекеттері белсенді өтетін техникалармен көбірек жұмыс түрлерін ұйымдастыра отырып, оқушылардың өз бетімен қазақ тілін меңгеру дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік жасауға тырысамын.

Қазақ тілінен грамматиканы саналы түрде меңгеруі үшін сөздердің, сөйлемдердің немесе сөйлем мүшелері мен сөз таптарының өзара ұқсастығы мен өзгешеліктерін, фонетикалық, морфологиялық белгілерін салыстыра алудың маңызы зор. Мысалы, «Фрейер моделі» бұл техника негізгі ұғымдар мен сөздердің терең мағынасын түсіне білуге, сыни тұрғыда ойлауға, ұғымдар арасында байланыс орнату үшін алдыңғы білімге сүйенуге, тест немесе куйз алдында сөздерді қайталауға қолданылады. Грамматикалық ұғымдар мен құбылыстардың ерекшеліктеріне талдау жасай отырып, олардың негізгі белгілерін ажыратады (1-сурет).




1-сурет. Негізгі ұғымдар мен сөздердің мағынасын ашуға қолданылатын кесте.

Қазақ тілінің грамматикасын оқытуда осылайша әртүрлі жұмыс түрлерін ұйымдастыру оқушының ақыл-ой белсенділігін арттырады, білімнің тиянақты, нақты болуына әсер етеді. Мұндай сызбалар оқушылардың бұрын оқып, түсінгенін қайта жаңартуға, теориялық білімдерін еске сақтауға және шығармашылық әрекетінде оқушылардың сенімді болуына грамматикалық ұғымдардың логикалық жүйесін байқауға, ашуға көмектеседі.

Ал көркем шығарманы оқу барысында шығармадағы кейіпкерінің образын ашу мақсатында оның жасын, өмірде алға қойған мақсатын, сырт келбетін, мінез-құлқын, қасиетін (құндылығын), ерекшелігін, достары мен жауларын көрсете отырып, «Шығарма кейіпкерінің анкетасын» толтырады. Аталған техниканы қолдану барысында шығарманың мазмұнынан тысқары қосымша ақпараттарды толтыру үшін оқушының жан-жақты ізденетінін байқауға болады. Олар шығарманы тек оқып қана шықпай, сюжет, жазушы стилі, шығарма негізінде жатқан идея, көтерілген негізгі мәселені де назарға алып отырды (2-сурет).

2-сурет. Көркем шығармадағы кейіпкердің образын ашуға арналған кесте.



3-сурет. Блум түймедағы.

«Блум түймедағы» әдісін көркем шығарманы талдау барысында жиі қолданамын. Берілген «Қарапайым сұрақтар: (Не? Қашан? Қайда?)», «Нақтылау сұрағы: (... дұрыс түсіндім бе?)», «Практикалық сұрақтар: (Қайда қолданылады?)», «Шығармашылық сұрақтар: (... не болар еді?)», «Бағалау сұрақтары: (Не жақсы? Не жаман?)», «Түсіндіру сұрақтары: (Неліктен ...?)» сұрақтарына жауап бере отырып, шығарманы талдайды. Мәтінді талдау шығармашылықты талап етеді, яғни, сол шығарманы оқи отырып, оқушылардың бойларында өзіндік пікірі, әсері қалыптасады. Оқушы шығарманы талдай білу арқылы нақты, дәлелді сөйлеуге тырысады, ойын айқын кестелейтін сөз оралымдарын қолдануға тырысады. Функционалдық сауаттылыққа қол жеткізген оқушы ғана мектептегі алынған білім – өмірдің қалыпты жағдайларында кездесетін түрлі жағдаяттардың